

**5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»  
мамандығы бойынша «Суреттер сыр шертеді: кеше-бүгін-болашақта»  
атты фотосуреттер көрме конкурсын өткізу туралы**

**ЕРЕЖЕ**

2018 жылдың 16 -27 сәуір аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика-психология институты Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына – 35 жыл» онкүндігі аясында «Суреттер сыр шертеді: кеше-бүгін-болашақта» атты фотосуреттер көрме конкурсы өткізіледі. «5B010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттеріне арналған бұл конкурс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық сайысы болып табылады.

**I Конкурстың мақсаты мен міндеттері**

Конкурстың мақсаты - студенттердің бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығына деген қызығушылығын дамыту, оның беделін арттыру, студенттердің жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау.

Конкурстың міндеттері:

- Студенттердің шығармашылық және зерттеушілік әрекетін ынталандыру;
- студенттердің өз мамандығына қызығушылығын арттыру;
- мамандық түлектері мен студенттер арасында шығармашылық байланыс орнату, тәжірибе алмасу;
- студенттердің кәсіби және жеке әлеуетін ашу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі айқындау үшін жағдай жасау.

**II Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

«Суреттер сыр шертеді: кеше-бүгін-болашақта» атты фотосуреттер көрме конкурсы 2018 жылдың 17 сәуір күні сағат 10.00-де басталады. 1 сәуірден бастап 16 сәуірге дейін қатысушылардың конкурстық жұмыстары қабылданады. 17 сәуір күні қойылған жұмыстарға сараптама жасалып, конкурстың қорытындысы шығарылады. Конкурс жеңімпаздарын салтанатты марапаттау 17 сәуір күні сағат 15.00-де №15 Педагогика және психология институты тарихы кабинетінде өткізіледі.

Конкурсқа 15B010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының барлық курс студенттері қатыса алады. Жеке және топтық (2-3 студент) жұмыстар қабылданады. Конкурсқа жауапты тұлғаларға қатысушы конкурстық жұмыспен бірге толық аты-жөнін, оқу орнын, курсың, ұялы телефон нөмірін беру керек (Жауаптылар: Абдықадыров А.О. 87772072322 (моб.), Малдыбаев К.Б. 887071156796 (моб.)).

Конкурстық жұмыс ережеде көрсетілген талапқа сай болуы қажет.

### **III Конкурстық жұмыстың мазмұны мен безендірілуіне қойылатын талаптар**

1. Конкурстық жұмыс тақырыпқа сәйкес 3 уақыт кезеңін қамту керек:
  - а) Кеше: бұрынғы жылдары бітірген түлектерге қатысты мамандық тарихы;
  - ә) Бүгін: қазіргі таңдағы мамандықтың заманауи келбеті;
  - б) Болашақта: мамандық болашағына болжам жасау.
2. Фотосуреттің атауы жоғары жағында көрсетіледі және ол берілген суреттердің мазмұнына сәйкес болуы қажет.
3. Әр суреттің өлшемі А4 форматында болуы қажет.
3. Фотосуреттің мазмұнын түсіндіретін аңдатпа (аннотация) болуы керек.
4. Фотосуреттер анық, сапалы, тақырыпқа сәйкес эстетикалық талаптарды қанағаттандыруы керек.
5. Жұмыстың төменгі жағында автордың аты-жөні жазылады.

Осы талаптардың орындалуы бойынша жұмыс бағаланады.

**IV Конкурс жеңімпаздары мен қатысушыларды марапаттау**  
Жүлделі орын алған жұмыстардың авторлары грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.  
Барлық қатысушыларға сертификат беріледі.

БОПӘ кафедрасының ұйымдастыру комитеті